

Ақтоғай ауданы әкімінің 2015 жылғы 7 шілдедегі "Ақтоғай ауданы аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 8 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" № 964 Қаулысына сәйкес, аудан әкімінің актілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ақтоғай ауданы әкімінің 2015 жылғы 7 шілдедегі "Ақтоғай ауданы аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 8 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 4589 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 шілдеде № 28 "Ауыл тынысы" және № 28 "Пульс села" аудандық газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтоғай ауданы әкімі

С. Батырғұжинов